

Мүгедектерге арналған жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күші жойғал

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2019 жылғы 30 қаңтардағы № 20 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 31 қаңтарда № 5214 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2020 жылғы 24 маусымдағы № 180 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 24.06.2020 № 180 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 31-бабы 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабы 6) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14010 болып тіркелген) бекітілген, Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыс орындарын есептемегенде жұмыс орындарының санынан мүгедектерге арналған жұмыс орындарына квота осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Күші жойылды деп танылсын:

1) Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2018 жылғы 5 қаңтардағы № 4 "Мүгедектерге арналған жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4556 болып тіркелді, 2018 жылғы 2 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланды);

2) Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2018 жылғы 9 қазандағы № 308 "Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2018 жылғы 5 қаңтардағы № 4 "Мүгедектерге арналған жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4964 болып тіркелді, 2018 жылғы 5 қарашада Қазақстан

Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланды).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау осы саланы жетекшілік етуші Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Жұмабеков

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы
аудан әкімдігінің 2019 жылғы
"30" 01 № 20 қаулысына
қосымша

Мүгедектерге арналған жұмыс орындарының квотасы белгіленген ұйымдардың тізімі

| Ұйымдар атауы | Жұмыс орындарының саны | Квота мөлшері | Белгіленген квотаға (адам) сәйкес жұмыс орындарының саны |
|---|------------------------|---------------|--|
| "Дружба" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 150 | 3 % | 5 |
| "АЗКО" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 80 | 2 % | 2 |